

құра білуге, орынды қолдануға үйреніп, сөздік қорын кәсіби лексикамен толықтырады. Осы рөлдік ойынның мақсаты – студенттің мамандыққа қатысты лексиканы меңгеруге деген ынтызарлығын ояту, тілдік қатынас жасауға талабын ашу. Тиімділігі – ойындар ойнау кезінде тілдік қатынастар ерекше маңызға ие болады.

Г. Нуржигитова

Эффективные методы обучения языка связанные со специальностью

В данной статье рассматривается методика обучения связанная со специальностью

G. Nurzhigitova

Effective methods of teaching the language associated with the profession

This article discusses the technique of training related to the specialty

Нәтижесі – тіл үйренушілердің өз бетінше тілді үйренуге септігін тигізеді, тілін дамытады.

1. «Ұлағат» журналы. №5, 2005 ж
2. «Қазақ тілі және әдебиеті» журналы. №2, №4, №6, №8, №10 2005 ж
3. «Казахский язык в русской школе» №5 2005 ж

А. М. Рахимова,

*Абай атындағы ҚазҰПУ Магистратура және PhD докторантура институты.
Алматы қаласы, rakhimova-86@mail.ru*

АДАМНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ СИПАТЫ: ШЕШЕНДІК СӨЗ ӨНЕРІ

Лингвистикалық тұрғыдан алғанда интеллект адам сипатын білдіретін семантикалық өрістің жаһандық мәселелерінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Адам интеллектісін тексеру немесе интеллектуалдық сипатының деңгейін анықтау (адамның интеллектісі ойлау қабілеті, білімі, әрекетіне байланысты төмен және жоғары болуы мүмкін) бірден бір жолы – сөйлеу әрекетін бақылау. Адамның мәдениеті, әлеуметтік мінез-құлқы және ойлау жүйесі тілден және сөйлеуден тыс болуы мүмкін емес. Осыған байланысты психологтар арасында ойлау мен сөйлеу әрекеттері бір мағына беретін, бірдей қызмет атқаратын құбылыс па деген сұрақ туындаған. Біз Дж. Уотсонның: «менің ойымша, ойлау үдерістері тек қана сөзді дыбыс арқылы шығарудың моторлық дағдылары болып табылады» деген ойымен келісеміз. Оның айтуынша, «ойлау – бұл жасырын сөйлеу» [1, 22]. Осы мәселеге қатысты орыс психологтарының сәбидің психологиясына жүргізілген зерттеулерін назарға алуға болады. Мысалы, И.М. Сеченов бала әрқашан ойлап тұрған нәрсесін айтып тұрады, бес жастағы баланың ойы сөз арқылы немесе ерін мен тілдің қозғалуымен сыбыр арқылы беріледі деген пікір келтірген [2, 103]. Расында да солай, кейбір кезде ересек

адамдардың да ойлауы мен сөйлеуінің қатар келуі байқалып қалады. Осылайша, ойлау мен сөйлеудің тығыз байланысты екені, олардың балалық шақта айқын байқалып, адам есейгеннен соң санасының артуына байланысты ойлау кезінде анық сөйлеу реакциясы болмайды, жасырын қалыпқа түседі.

Тілдік қатынастың адам санасымен байланысы туралы психолог ғалымдардың пікірлері көп. «Тек жақсылық (мейірімділік) үшін ғана емес, сондай-ақ жамандық (зұлымдық) үшін де тіл бізді адам жасады. Тілсіз болсақ, біз тура иттер мен маймылдар сияқты болатын едік. Тіліміз барда біз адамбыз, бірде бір жануар қол жеткізе алмас қылмысқа да, қаһармандыққа да, интеллектуалдық жетістікке бірдей қабілетті, дей тұрғанмен көбінесе санасыз хауанның түсіне де енбеген ақымақтыққа бара алатын еркек пен әйелміз» деп Олдос Хаксли Д.Слобин мен Дж.Гриннің «Психолонгвистика» кітабының алғы сөзінде жазған.

Бұл жерде біз адам жүйелі, сапалы сөйлей білсе ғана ойлы, интеллектуалдық қабілеті жоғары болып саналады деген пікірді айтпақ емеспіз, тек **сөйлеу (тұжырымды сөйлеу) – адамның интеллектуалдық сипатын танытатын бірден бір көрсеткіш** екенін меңзеп отырмыз. Осы тұрғыда, халқымыздың ше-

шендік өнері адамның ақыл-ой жүйесінің даму деңгейін, сөйлеу мәнерінің ерекшелігін, ойын астарлап жеткізе білуін – жалпы жүйелі, тартымды әрі көңілге қонымды сөз саптауын ой-сана елегінен өткізіп айтатындығын көрсетеді. Шешендік өнердің даму тарихына ғалым Г.Қосымова: «Шешендік өнерді зерттеген ғалымдар шешендік өнерді билер сөзімен байланыстырып, шешен-билердің ұтымды, тапқыр сөздерін көркем сөз ретінде қарастырып келді... Халқымыздың ғұмырнамалық тарихында билер халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаушы, ұлтты ұйыстырушы, елінің еркіндігін қамтамасыз ететін мемлекеттік мәмілегер, ру-тайпалардың басын қосып біріктіруші, халқының салт-дәстүрін берік ұстанушы, бабалардың кеменгерлік саясатын алға апарушы, кемел ойдың, ұлы даналықтың қайнар көзі, ұрпақ тәрбиесін ұлы мұрат еткен парасатты тәрбиеші, саңлақ өнерпаз қызметін атқарып отырды» деп, шешендіктің тарихын баяндау арқылы оны адамның *жогарғы санасымен* байланыстыра айтады [3, 98] да шешендік сөздің 4 сапалық белгісін көрсетеді, олар: **шешендік сөздің мазмұндылығы, сөздің дәлдігі және ойдың айқындылығы, тіл тазалығы, тіл көрнектілігі**. Осындай бөліністерді көрсете отыра, зерттеуші «шешендік сөз ақыл-парасатқа негізделсе, мазмұнды болады. «Ақыл», «парасат», «ес» сөздері белгілі дәрежеде «мән», «мағына» сөздерімен төркіндес. Шешендік сөздің мазмұндылығы сөйлеушінің ақыл-ой дәрежесіне, жан-жақты білімділігіне байланысты» [3, 98]

деген орынды тұжырым жасайды. Демек, мәні, мағынасы құнарлы, ойға қонымды, көпшілік көрерменге, тыңдарманға немесе оқырманға жетік әрі тоқтамды, шындыққа жанасымды сөз сөйлеу үшін адамның интеллектісінің ең бірінші қызметте екендігі дау тудырмайды.

Жоғарыда атап өткендей, адам интеллектісі көрсеткіштерінің бір тармағы – шешендіктің концептуалдануына мән берген жөн. Концептілердің жеке-жеке жасалмайтындығы белгілі. Бүгінгі таңда лингвистикада концептілердің арақатынасы, олардың өзара әсері өзектілік танытып отыр. Осылайша, «интеллект» концептісін зерттеу адамды сипаттайтын семантикалық өрісті көрсету сияқты мәселенің құрамдас бөлігі болып отыр. Сондықтан адамның интеллектісінің белгілеріне толық тоқталу үшін алдымен жеке-жеке қарастыру мақсатында адамның шешендігіне келейік.

Негізінен «шешен» ұғымын «интеллект» макроконцептісінің құрамына енетін базалық концепт ретінде қарастыруға толық негіз бар. Себебі, «шешен» сөзі, біріншіден, тілмар, тапқыр, екіншіден, ресми жиындарда шығып сөйлеуші адам (оратор) деген мағынаны береді [ҚТТС, 915] және адамның интеллектуалдық сипатын танытатын жан-жақты түсініктерді қамтиды. Мәселен, базалық концепт «шешен» сөзі деп алсақ, тіліміздің мол сөздік қорының арқасында оның микроконцептілерін таратып көрсетуге мүмкіндік бар. Оны жүйелі кесте арқылы көрсетсек:

Макроконцепт	Базалық концепт	Микроконцепт	Микроконцептінің түсіндірмесі (ҚТТС)
И Н Т Е Л Л Е	Ш Е Ш Е Н	Тапқыр	Тез ойлап, тымды сөз айта алатын алғыр, зерек (782 б.)
		Сөзшен	Көп сөйлегіш, сөзуар (740 б.)
		Сөзуар	Шешен, тілмар, сөзшен (740 б.)
		Тапқыш	Таба білетін, зерек, тапқыр (782 б.)
		Ойлы	Сана-сезімі мол, ақылды, саналы (625 б.)
		Парасатты	Ақылды, ойлы, білімді, зерделі (668 б.)
		Пайымдағыш, пайымшыл	Бір нәрсені байқағыш, аңғарғыш (665 б.)
		Көзді	ауысп. Білімпаз, көзі ашық (406 б.)
		Көкіректі	ауысп. Көзі ашық, есті, тәжірибелі (410 б.)
Е	Н	Шебер	Ұсталық, ісмерлік, іскерлік, білгірлік (910 б.)
		Аңдағыш,	Аңғарғыш, сезгіш, аңғарымпаз (49 б.)

К Т	андампаз	
	Зерделі	Ақылды, саналы, зейінді, есті (345 б.)
	Зейінді	Қабілетті, дарынды, алғыр, ынталы (344 б.)
	Тілді	Тілге жүйрік, сөзшең, ділмар; тілі өткір, ащы, улы (746 б.)
	Білгір	Көп білетін, білімдар, білімді (164 б.)
	Білікті	Жан-жақты түсінігі бар, білімді (165 б.)
	Білімдар	Көп білетін, білгір, білімді (165 б.)
	Ақылман	көне. Ақылгөй, ақылшы (35 б.)
	Алғыр	Зейінді, зерек, ұғымтал (40 б.)
	Кемеңгер	Дана, данышпан (302 б.)
	Санагер	Ойшыл, дана адамдар (706 б.)
	Данышпан	Ақыл-білімі асқан ойшыл адам (187 б.)

Кесте бойынша «интеллектіні» макроконцепт, «шешенді» базалық концеп және шешендіктің семантикалық құрамдас бөліктерін микроконцептілер деп алуымызға В.И.Убийконың концепт тақырыбына арнаған зерттеуі негіз болып отыр. Онда ол: «Суперконцепты, макроконцепты и базовые концепты представляют собой объемные ментальные образования, вбирающие в себя не только инвариант значений репрезентирующего слова, но и инвариант его словообразовательного гнезда и одновременно семантического поля. Этот объем заполняет его параметры. Чем больше параметры, тем больше объем концепта» деген пікірі түрткі болып отыр. Осылайша, суперконцепт астарында мағынасы бойынша неғұрлым көлемді ментальді бірліктер, неғұрлым аз тізбек құратын бірліктер – макроконцептілер, ал олардың құрамына белгілі бір шынайы құбылыстар туралы түсінік ортасын қалыптастыратын базалық концептілер енеді және одан кейінгі семантикалық топ – микроконцептілер. Міне, кестеде бөлініп көрсетілген 22 концептіні осындай тұжырымнан соң жинақтап отырмыз. Осы бағытта зерттеу жүргізуші ғалымдардың (Ж.Д. Сүлейменова, Л.К. Жаналина, К.К. Дүйсекова, А.М Байғұтова, А.Б. Әмірбекова) ой-тұжырымдарын саралай келе, белгілі бір абстрактілі немесе нақты заттар мен құбылыстар туралы мәлімет-түсініктердің жиынтығы концептілерді құрайды.

Қай халықтың болсын шешендік өнері белгілі бір тарихи кезеңнің, белгілі бір әлеуметтік ортаның (хандар, сұлтандар, ақын-жыраулар, би-шешендер) және сол кезең мен ортаның қалыптасып, дамуына байланысты адам баласының сана-сезімі деңгейіне байланысты

анықалады. Мәселен, бүгінгі таңда біздің елімізде өмір сүретін адамдардың интеллектілік көрсеткішін анықтаудың сан-салалы жолдары болса, ежелгі дәуірден бастап ХІХ ғасырға дейін шешендік қабілеттің жемісі, түрлі жазба мұралар арқылы, тарихи деректерден ғана сол кезең адамдарының интеллектуалдық сипатын анықтауға болады. Осы орайда, орыс психологы Б.Г.Ананьев «интеллектуальное развитие, неразрывно связанное с образованием, имеет свои критерии умственной зрелости, связанные с определенным объектом и уровнем знаний, свойственных данной системе образования в данную историческую эпоху» деп жазған [4, 37].

Шешендік өнер – ойлау жүйесінің шырынды жемісі. «Ойлау мен тіл тамырлас. Екеуі де жұмбақтай күрделі құбылыс. Ойды ойдағыдай жеткізу үшін оралымды, икемді тіл қажет. Нағыз шешен қапияда ой тауып немесе ойлап, ойша сөйлеп, лайықты тапқыр тілмен өрнектеп жеткізеді. Оның күдіретті миы, ақыл-санасы еш уақытта тыным таппайтын алып фабрикаға ұқсайды» [5, 22].

Басты құралы сөз болып табылатын шешеннің айтқандары тыңдаушысының көңіліне ұялаудың өзі асқан өнерпаздықты, дарын-қабілетті керек қылады. Шешеннің интеллектуалдық сипатын дүниедегі түрлі құбылыстарға, болмысқа, қоғамдық оқиғаларға немесе басқа адамдарға, сана-сезімге қатысты айтқан сөздерінен анықтауға болады. Мысалы өз кезінде Бөлітірік шешен жүрген ортасына асқан ақылдылықпен айтылған терең мазмұнды ойларын қалдырып жүрген. Ол бір кезде Тезектөренің «Азбайтын, тозбайтын байлық қандай болады? Қайтпайын, таймайтын

қолдаушың мен қорғаушың қандай болады? Жарығы тұтас елге түскен қасиетті шырақ қандай болады? Жел жетпес жүйрік, асыл текті пырақ қандай болады?» деп көпшілік алдында қойған сұрағына саспастан:

«Дүниеде азбайтын бйлық біреу,

Ол – ақыл.

Дүниеде тозбайтын байлық біреу,

Ол – ақыл.

Дүниеде қайтпайтын қолдаушың біреу,

Ол – ақыл.

Дүниеде таймайтын адал қорғаушың біреу,

Ол – ақыл.

Дүниеде жарығы тұтас елге түсетін қасиетті шырақ біреу,

Ол – ақыл.

Дүниеде ердің басына қонатын бақ біреу,

Ол – ақыл.

Дүниеде елдің басына қоятын тақ та біреу,

Ол – ақыл.

Ақылсыз басқа қонса, бақ баянсыз,

Нақылсыз насқа қонса, тақ баянсыз.

Құдай ақылсыз бас болғаннан сақтасын».

Сондай-ақ, сөздің де адам санасының жемісі екендігін атай кете, былайша түйін жасаған:

«Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөден ащы нәрсе жоқ. Сөзден жеңіл нәрсе жоқ. Сөзден ауыр нәрсе жоқ. Сөзді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылыңды, сөзіңді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт. Не сөйлейтініңді біл. Кімге сөйлейтініңді біл. Қай кезде сөйлейтініңді біл. Қалай сөйлейтініңді біл».

Шешендік сөздер тек қана адамның ақыл-ой, санасына байланысты емес, әлеуметтік-қоғамның кез келген мәселесіне қатысты айтылған. Ең бастысы, олардың мазмұны. Сол сияқты Ақтамберді жырауда:

Мінезді болса алғаның,

Одан артық жан бар ма,

Екі жаман қосылса,

Күнде жанжал, күнде шу.

Ұяларлық ар бар ма?)

Шал ақында:

Келін жақсы болса –

Үйіңе көп кісі келеді.

Келін жаман болса –

Келген кісі кеткісі келеді.

Ас құй десең төккісі келеді,

Төкпей құй десең сөккісі келеді – деген мол тәжірибе мен білімнің шешендік толғауы арқылы қорытылып берілуі бар.

Шешендіктің асыл үлгісін, интеллектінің бұлжымас белгісін мына тарихи оқиғадан да байқауға болады:

«Жиренше шешен жолаушылап жүргенде әйелі Қарашаш кенеттен дүние салады. Сапардағы шешенге бұл қайғылы хабарды қалай естіртуді білмей, ел қиналысады. Сонда қой соңында жүрген бір тазша бала: «Мені ана-рыңдар, мен естіртемін», - депті.

13 жасар тазша баланы алып, ауылдың ақсақалдары Жиренше жатқан ауылға келеді. Биік төбенің басында, дүйім жұрттың ортасында Жиренше шешен отыр екен. Тазша бала Жиреншеге келіп:

- Ассалаумағалейкүм, ақылы елден асқан Жиренше аға! Сізді аузымен құс тістеген, аққан өзенді тоқтатқан шешен дейді. Үш сұраққа мұрсат беріңіз, - депті.

Жас баланың батылдығына риза болған шешен мойын бұрып:

– Айта ғой, - депті ықыласы түсіп.

– Бауырың өлсе недейміз? – депті Тазша бала.

– Бауырың күйіп түсті десейші.

– Балаң өлсе не дейміз?

– Қос бүйрегіңді тірідей суырып алды десейші.

– «Қатын өлсе, қамшының сабы сынды» дейміз ғой онда, аға? – депті Тазша бала.

– Жоқ, қарағым. Жарың өлсе ошағыңның күлі шашылып, 32 қабырғаңды сөгіп алдым десейші!

– Ал, аға, бүкіл қабырғаңызға қалқан боламыз деп қалың ел-жұрттың келіп тұр, - дегенде Жиренше секем ала:

– Әй, көбейгір, балаларымның анасы, үйімнің жарық панасы, көзімнің қарасы, Қарашашым арманда кеткен екен-ау дүниеден, - деп ботадай боздағанда сақалынан алты тарам жас ағыпты деседі.

Демек, шешендік адамның жасына да, жынысына да, әлеуметтік ортасына да, қоғамдық беделіне де қарамай қалыптасып, дамитын қабілет. Жалпы, шешендіктің туындыларын тек қазақ халқының фольклорлық шығармалар жинағынан мыңдап қарауға болады. Кез келгені терең ой, астарлы интеллектуалдық сырға толы. «Шешен» концептісі, сонымен қатар, «ораторлық», «сұлулық», «конструктивтік сөз (ой)», «мәдениет», «этика», «дайындық», «батылдық», «логика», «дикция», сынды қызметі мен танымдық тұрғыдан бір-біріне жуық ұғымдармен жуық.

Сонымен, «шешен» базалық концептісі бірнеше микроконцептілерден тұратындығын және олардың әрқайсысы шешендікті анықтауда қажетті ұғымдар екендігін анықтадық. Хал-

қымыздың ұлттық танымымен тығыз байланысты, енталді сана-сезімімен орайлас «шешендік» қай кезде болмасын, ең алдымен, адамның интеллектуалдық сипатын танытатын концепт.

1. Уотсон Дж. Геология и человек. –Л.: Недра, 1986.-185 с.

2. Сеченов И.М. Психологические этюды.-СПб., 1873.-225 с.

3. Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері (Оқу құралы). –Алматы, «Білім», 2003.-260 бет.

4. Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды: В 2-х т. Т.1.-М.: Педагогика, 1980.-232 с.

5. Негимов С. Шешендік өнер. -Алматы: Ана тілі, 1997. 208 бет.

6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.-Алматы, 2008.

Рахимова Айна

Интеллектуальные особенности человека: ораторское искусство

В статье рассматриваются интеллектуальные особенности человека, которые выражаются в концепте «шешендік сөздер»

Rakhimova Aina

Intellectual features of the human: Oratory

The article deals with the intellectual qualities of a person, which are expressed in the concept of "oratory"

Г. Рысбаева,

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры, ф.ғ.к.

«КӨК БӨРІ» ЖӘНЕ «АЮ» ТОТЕМІНЕ ҚАТЫСТЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Бүгінгі таңда республикамызда тәуелсіздікті нығайтуды дамыту мен мемлекеттің өркениетті елдер санатына қадам басуы жағдайында ұлттық, рухани-адамгершілік және материалдық құндылықтардың негізін зерделеу, оларды тиімді жүзеге асыру мәселелері ерекше көкейкестілікке ие болып отыр. Ал – бұл болса, мәдениет салаларын дамытуды, оның қалыптасып дамуындағы жетістіктер мен озық дәстүрлерді, халық тәжірибесін болашақ ұрпаққа жеткізуді қажет етеді.

Этностық дүниетаным мен салт-дәстүрге, наным-сенімдерге қатысты байырғы лексикадан қалыптасқан культтік фразеологизмдер сөз жоқ, халықтың рухани өмірін бейнелейді. Ертеде адамдар ру, қауым, тайпа болып өмір сүріп, өздері тұратын жерлерде кездескен жан-жануарға сыйынып, жан-жануарлар, аң-құс, құрт-құмырсқа, жылан тотемдерін тудырған. Осыларды киелі санаған адамдар оларды культке айналдырып, неге киелі екендігі туралы толып жатқан миф, аңыздар тудырған. Тотемдік түсініктер тек аңыз, ертегілерде ғана сақталмаған. Олардың кейбір жақтарын тіліміздегі жан-жануарларға, құстарға, төрт түлік малға байланысты қалыптасқан фразеологизм-

дер мен мақал-мәтелдерден, қанатты сөздерден, культтік лексемалардан айқын байқауға болады.

Түркі тілдес халықтардың жан-жануарлар тотемі: көк бөрі (қасқыр), аю, бұғы, арқар, ит сияқты; төрт түлік малға, аққу, қарға, қаршыға, құмай, бүркіт, үкі, т.б. көптеген құстар тотеміне, жылан, айдаһарға және басқа да жансыз заттарға табынған. Якуттардың арасында ең жиі кездесетін тотем – бүркіт, аққу және құзғын; телеуттерде – бүркіт; алтайлықтарда – аю; хакастарда – бүркіт; тувалықтарда – аққу мен бүркіт; тофаларда – балық, құзғын, бүркіт, аққу, шағала. Қарға түркі халықтарында хакастарда, туваларда, якуттарда, сахаларда киелі деп саналған. Якуттарда сахалар қарға тотем болумен қатар «жаһан құсы» дейтін ұғым болған.

Осы тұрғыда біздің қарастыратынымыз түркі тілдес халықтардың жан-жануарлар тотемі, соның ішінде көк бөрі (қасқыр) тотемі мен аю тотеміне қатысты фразеологизмдердің дүниетанымдық сипаты.

Көк бөрі (қасқыр) тотемі. «Біздің таңбамыз береке болсын, ұранымыз көк бөрі болсын!» сөйлемінде «таңбамыз береке болсын»